# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 661 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 қарашадағы N 1064 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр берілісі желісін салу және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық шарт шеңберіндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға, оның мердігерлері немесе қосалқы мердігерлері әкелетін, импорты) құрылымдық жобаны іске асыру шеңберінде қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 661 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр берілісі желісін салу және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық шарт шеңберіндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға, оның мердігерлері немесе қосалқы мердігерлері әкелетін , импорты инфрақұрылымдық жобаны іске асыру шеңберінде қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесінде:

3-бағандағы "ЕурАзЭҚ" деген аббревиатура "ҚР" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 16, 19-жолдар мынадай редакцияда жазылсын: "

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Бұралған сым, тростар, арқандар, өрме баулар, ілмектер және электрлік оқшаулаусыз қара металдардан жасалған ұқсас бұйымдар:<br>------ 3 мм-ден астам, бірақ 12 мм-ден аспайтын:<br>------- жабындысыз<br>------- басқалары<br>------ 12 мм-ден астам, бірақ 24 мм-ден аспайтын:<br>------- жабындысыз<br>------- басқалары | 7312 10 810 1<br>7312 10 810 9<br>7312 10 830 1<br>7312 10 830 9 |
| 5 | Қара металдардан жасалған өзге де бұйымдар:<br>--- басқалар (желілік арматура*) | 7326 90 980 0*-ден |
| 6 | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қара металдардан жасалған өзге де бұйымдар:<br>--- басқалары (оптикалық-талшықты кәбілдерді жалғауға арналған муфталар *) | 7326 90 980 0*-ден |
| 7 | Қара металдардан жасалған өзге де бұйымдар:<br>--- басқалары (оптикалық-талшықты кросс*) | 7326 90 980 0*-ден |
| 9 | Электр трансформаторлары, статтық электр өзгерткіштері (мысалы, түзеткіштер), индуктивті және дроселді катушкалар:<br>- сұйық диэлектригі бар трансформаторлар:<br>-- қуаттылығы 10 000 кВА-дан астам<br>- өзге де трансформаторлар:<br>-- қуаттылығы 500 кВА-дан астам<br>- өзге де индуктивті және дросселді катушкалар:<br>-- басқалары | 8504 23 000 0<br>8504 34 000 0<br>8504 50 950 0 |
| 10 | Электр трансформаторлары, статтық электр өзгерткіштері (мысалы, түзеткіштер), индуктивті және дросселді катушкалар:<br>- өзге де трансформаторлар:<br>-- қуаттылығы 1 кВА-дан астам, бірақ 16 кВА-дан аспайтын:<br>--- басқалары<br>- өзге де трансформаторлар:<br>-- қуаттылығы 16 кВА-дан астам, бірақ 500 кВА-дан аспайтын: | 8504 32 800 0<br>8504 33 000 0 |
| 11 | Электр трансформаторлары, статтық электр өзгерткіштері (мысалы, түзеткіштер), индуктивті және дросселді катушкалар:<br>- өзге де индуктивті және дросселді катушкалар:<br>-- телекоммуникациялық аппаратурамен бірге пайдаланылатын және есептеу машиналары мен олардың блоктарының қоректендіру көздері үшін<br>-- басқалары | 8504 50 200 0<br>8504 50 950 0 |
| 16 | Оқшауланған сымдар (эмальданғандарын немесе анодталғандарын қоса алғанда), кәбілдер (коакси-альдыларын қоса алғанда) мен басқа да жалғағыш тетіктері бар немесе жоқ оқшауланған электр сымдары; олардың электр өткізгіштермен немесе жалғағыш тетіктермен бірге болғанына немесе болмағанына қарамастан, жеке қабыршағы бар талшықтардан | |

| | | |
|---|---|---|
| | құралған талшықты-оптикалық кәбілдер:<br>- коаксиальді кәбілдер мен басқа да коаксиальді электр сымдары<br>- орамалық сымдар:<br>-- басқалары:<br>--- басқалары<br>- өзге де 1000 В-ден асатын кернеуге арналған электр өткізгіштері:<br>-- мыс өткізгіштері барлары<br>-- басқа да өткізгіштері барлары<br>- талшықты-оптикалық кәбілдер | 8544 20 000 0<br>8544 19 900 0<br>8544 60 100 0<br>8544 60 900 0<br>8544 70 000 0 |
| 19 | 9028 тауар позициясының өлшеу аспаптарынан басқа, электрдің шамаларын өлшеуге немесе бақылауға арналған осциллоскоптар, спектр анализаторлары, өзге де аспаптар мен аппаратуралар: альфа-, бетта-, гамма-, рентгендік, ғарыштық немесе өзге де иондаушы сәулелерді табу мен өлшеуге арналған аспаптар мен аппаратуралар:<br>- арнайы телекоммуникацияларға арналған аспаптар мен аппаратура, басқалары (мысалы, айқасқан кедергілердің, күшейткіш коэффициенттердің, бұрмалау коэффициенттерінің өлшеуіштері, псофометрлер): | 9030 40 000 0 |

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК